



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының  
Сот кабинеті | "Төрелік" АЖ

Судебный кабинет | ИС "Төрелік"  
Верховного Суда Республики Казахстан

Judicial office | IS "Torelik"  
of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

Құжат нөмірі (номер документа): 196001L06211217

Жіберілген күні (Дата отправки): 28.09.2023

Облыс атауы: Астана қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Соты (Кассациялық  
саты)

Жіберуші: БОРАНГАЛИЕВ ТЕРЕКБАЙ

## ХАТ

Сондықтан, Атырау облыстық сотының торағасы Пәрменов Мұхтар Абайұлының ол басқарып отырған облыстық соттар қауымдастығының отбасыларына зор денсаулық, судьялардың жұмыстарына сот әділдігін тілеймін.

### Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. Алғыс хат.docx




СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ  
JUDICIAL OFFICE  
СОТ КАБИНЕТИ



ЖОҒАРҒЫ СОТ  
ТӨРЕЛІК

ВЕРХОВНЫЙ СУД  
-KZ-  
SUPREME COURT

БОРАНГАЛИЕВ ТЕРЕКБАЙ қол қойды



ҚР Жоғарғы сотының төрағасы  
**Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлына**

Атырау облыстық сотының төрағасы  
**Пәрменов Мұхтар Абайұлына**

Терекбай Боранғалиевтен, Тұрағы: Атырау қаласы,

### **Алғыс хат.**

№2312-23-00-3/7784 санды әкімшілік іс бойынша сотқа қатысушы Ж. Төлемісұлының сұрауы бойынша Атырау облыстық сотының төрағасы Пәрменов Мұхтар Абайұлының жеке қабылдауында болдым.

Жеке қабылдауында төраға Пәрменов Мұхтар Абайұлы өзінің кішіпейілдігін, көрсетіп, бірден адамды өзіне баурап алып, Атырау облыстық сотында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығы туралы конституциялық принципті іске асыру кезінде кез келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа жүгінуге құқығы бар екенін мұхияттап ыждағаттылықпен түсіндірді. Алайда, сотқа жүгінуге әр адамның тек қана осы қолданыстағы құқық заңмен белгіленген тәртіппен қай мезгілден, соттың қай сатысынан бастап жүзеге асырылатынын ескертіп, сот мәртебесінің тәуелсіздігін алға қойды.

Осының өзінен-ақ, төрағаның құқықтық нормаларды Атырау облыстық тұрғындарына түсіндірудегі өте шеберлігі эмоциямен келген келушілерді бір қабылдаудан-ақ қаз қалпына келтіріп, құқықтық мемлекеттік тұсындағы заң үстемдігін насихаттаудың майталмен шебері екені байқалады.

Олай болса, еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құрған тұңғыш президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқықтық мемлекет тұсындағы Қазақстан тұрғындарына арналған үндеулері мен қарарлары Атырау облысының тұрғындары арасында мүлтіксіз орындалуда.

Міне осындай төраға сияқты облыстағы құқық қорғау орындары сот әділдігін оның мәртебесінің тәуелсіздігін ешкімге бағынбайтыны жөнінде насихаттауын қолдайтын басқа да мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарының басшылары мен ұжымдары бірауыздан мақұлдаса, онда сонау байырғы заманнан қазақтың билер институты құрылғаннан бастап әділдікті аңсаған қазақ елі өз мұратына жетіп, дүние жүзіндегі экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдер сияқты Конституция үстемдік құрған мемлекеттер қатарында болуға бір табан жақындар едік.

Сондықтан, Атырау облыстық сотының торағасы Пәрменов Мұхтар Абайұлының ол басқарып отырған облыстық соттар қауымдастығының отбасыларына зор денсаулық, судьялардың жұмыстарына сот әділдігін тілеймін.

Атырау қаласының тұрғыны, зейнеткер:                      Боранғалиев Терекбай.